

Қобда аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 129 "Қобда аудандық мәслихатының кейбір қолданыстағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 наурыздағы № 210 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 наурызда № 5999 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қобда аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 129 "Қобда аудандық мәслихатының кейбір қолданыстағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5790 санымен тіркелген, 2018 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. осы шешімді Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Борамбаев

Ж. Ерғалиев

Қобда аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13
наурыздағы № 210 шешіміне қосымша

Қобда аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22
желтоқсандағы № 129 шешіміне қосымша

Қобда аудандық мәслихатының қолданыстағы кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 20.08.2020 № 360 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1) алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 20.08.2020 № 360 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

2) алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 20.08.2020 № 360 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

3) алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 20.08.2020 № 360 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

4) Қобда аудандық мәслихатының 2017 жылғы 13 наурыздағы № 70 "Қобда аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 86 "Жер салығының базалық ставкасын жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5419 санымен тіркелген, 2017 жылғы 10 сәуірде "Қобда" газетінде жарияланған) шешімінде:

орыс тіліндегі шешімнің деректемелерінде, атауында және мәтіні бойынша "Хобдинского", "Хобдинский" сөздері "Кобдинского", "Кобдинский" сөздерімен ауыстырылсын;

5) алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 20.08.2020 № 360 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

6) алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 20.08.2020 № 360 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).